

2002 жылы жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 наурыз N 352

"Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2001-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 880 P010880_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылы жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.
2. Тізбеге енгізілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар оларды акционерлік қоғамдар етіп қайта құрғаннан кейін мүліктік кешендер не акциялардың мемлекеттік пакеттері түрінде жекешелендіруге жатады деп белгіленсін.
3. Тізбеге енгізілген кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару

органдары заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде сатуға қойылатын акциялардың мемлекеттік пакеттерінің мөлшерін көрсете отырып, алдын ала акционерлік қоғамдар етіп қайта құрылумен жекешелендірілуі көзделетін кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобаларын енгізісін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 наурыздағы
N 352 қаулысымен
бекітілген

2002 жылы жекешелендіруге жататын
республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар
және қоршаған ортаны қорғау министрлігі

1. "Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Көкшетау қаласы

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі

2. "Ақмола мемлекеттік "Елорда" баспасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Астана қаласы

3. "Абай" журналы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Семей қаласы

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

4. "Дән" қонақ үйі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының
Статистика жөніндегі агенттігі

5. "Қазстатақпарат" ақпараттық-баспа орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК